



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 18/558
04 мая 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ !

**ҚЫМБАТТЫ ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!
ҚҰРМЕТТІ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!**

**ДОРОГНЕ ВЕТЕРАНЫ И УЧАСТНИКИ
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ,
ТРУЖЕНИКИ ТЫЛА!**

Сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңістің 73 жылдығымен құттықтаймыз!

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңістің 73 жылдық мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Отты жылдары Қазақстаннан миллионнан астам жерлесіміз майданға аттанып, жартысынан көбі үйлеріне оралмады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз. Сіздердің ерліктеріңіз- біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Құрметті де қымбатты ардагерлер!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-берекесі, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!

Құрметпен,

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником – 73-летием Великой Победы!

Несмотря на то что прошло уже немало лет, Ваш Великий Подвиг бессмертен и в каждой семье есть свои герои и своя память о тех главных днях для нашей страны.

Победа была так давно... Сменились поколения, мы стали взрослыми, и теперь пришел наш черед стоять на страже мира и заботиться о том, чтобы он был благополучным!

С искренним, сыновним почтением преклоняем мы перед Вами колени. Та дорога по которой мы идем, выложена и выстрадаана Вашим подвигом, во имя нашего светлого будущего. Ваши имена навеки вписаны в летопись наших сердец.

**Дорогие и горячо любимые
ветераны Великой Отечественной войны!**

В этот день, памятный и для всех вас, и для нас, хочется еще раз выразить Вам огромную благодарность и, как же хочется от всей души, пожелать мира и тепла Вашему дому. Сказать спасибо, за наш светлый мир вокруг, за нашу свободу, за Вашу

победу. Позвольте пожелать Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни и заслуженного счастья!

С уважением,

Акима города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков



ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

Құрметті Отан қорғаушылар!

Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы.

Бұл күні біз қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Еліміздің әр азаматы бүгінгі күні де өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда. Отан қорғаушылар күні Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесі.

Қымбатты жерлестер!

Бүгін ерекше күн. Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгілік пен игілік тілейміз. Ардагерлер мен жауынгерлеріміздің дені сау болып, сарбаздар мен қолбасшыларымыз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек те жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА !

Уважаемые защитники Отечества!

Поздравляем Вас с государственным праздником 7 мая - с Днём защитника Отечества! Этот праздник – символ мужества и героизма, доблести и отваги. Во все времена солдаты и офицеры, чья почётная профессия – защищать Родину, самоотверженно отстаивали суверенитет и целостность, обеспечивая мирный труд граждан, развитие и процветание нашей великой Родины.

Защита Родины – святой долг каждого гражданина. Каждый, кто прошел нелегкую воинскую школу знает, насколько важны в человеке такие качества как сила и выносливость, поддержка и взаимовыручка.

Выражаем особые слова благодарности и признательности в воспитании подрастающего поколения ветеранам войны и военной службы, героические подвиги которых являются примером истинного патриотизма, беззаветного служения своему народу. Для нас вы – эталон высокой нравственности, стойкости духа, любви к Родине.

Дорогие земляки!

Желаем всем крепкого здоровья и удачи в делах! Пусть рядом всегда будут близкие люди и верные друзья, а в семьях царит мир и счастье!

С уважением,

Акима города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

«МЕН - ОТАН ҚОРҒАУШЫСЫМЫН» АТТЫ АКЦИЯСЫ

Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, кеудеңде азаматтық намысың болса елің үшін еңбек ет» – деген сөзі жүрегі «Елім!» - деп соққан әрбір азаматтың жігері мен намысын қайрайтыны сөзсіз.

2018 жылдың 27 сәуірі күні Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастардың патриоттық, ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерін ояту және арттыру мақсатында 06708 және 44841 әскери бөліміндерінде «Мен - Отан қорғаушысымын» атты акция ұйымдастырылып, өткізілді. Аталмыш акцияға №1 мектептің жоғарғы сынып оқушылары, №2 мектептің «Жас Ұлан» мүшелері, «Жас

Отан» мүшелері және әскер қатарына шақырылатындар қатысты. Акцияның уақыты 9:00 мен 14:00 аралығын қамтыды. Жастарымыз осы уақыттың ішінде саптық дайындық, сарбаздардың төсек орнын жинау, қару-жарақ шашу, пышақ лақтыру, граната лақтыру, физикалық жаттығулар мен арқан тартысу секілді сайыстарда жарысып, түскі уақытта әскери бөлімнің асханасынан тамақтанды. Жалпы айтқанда әскери өмірдің тұрмыс тіршілігімен танысып шықты. Тепсе темір үзетін шақтарында қару ұстап, сапта тұру – көп жігіттің арманы. Бүгінгі акция кезінде сақдай сай тізіліп, құлшынып тұрған бозбала жастарды көргенде ерекше толғанып, биік сезімдерге бөлендік.

7-мамыр - Отан қорғаушысы күні

Акция соңында жастар ресурстық орталығының басшысы Ұ.Алмас сөз сөйлеп, жастарымызды еліміздің патриоты болуға шақырды. Сонымен қатар жастарға сыйлықтар табыстады.

Бүгінгі тәуелсіздігіміз, мамыражай тыныш өміріміз бабаларымыздың қайсар ерлігі нәтижесінде келді. Ал бабаларымыздан мұра болып қалған тәуелсіз Қазақстанды қорғау үшін мемлекетіміздің қарулы күші болуы қажет. Бүгінгі ұлдар – ертеңгі елдің қорғаны екенін есте сақтайық. Яғни, жастарымыз ержүрек бабаларымыз секілді жерімізді, елімізді, егемендігімізді сырт көзден қорғайтын



қайсар азамат болуға міндетті!

**«Приозерск қаласының жастар
ресурстық орталығы» КММ**

БІРЛІК - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

(РЕПОРТАЖ)



Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шеруі өтетін алаңға қарай бір топ кісі аяңдап келеміз. Таң мезгілінде жауған Алланың нұры – жылы жауыннан кейінгі тап-таза, тұнық ауадан тыныстай отырып, әңгіме-дүкен тиетін де ағытып бердік. Көк жүзіндегі кара-ала бұлттар баяу соққан желдің ыркымен шығыс тарапқа қарай өркештене жылжып барады. Шеру басталатын уақытқа жақын үйден шыққандықтан көшедегі кісі қарасы кемшін. Жұрттың бәрі мерекелік алаңға әлдеқашан жиылып қалған сыңайлы. Еліміздегі тыныштық, бірлік пен береке, халықтар достығы, мұның бәрі біздің қала тұрғындарының да бейбіт қатар өмір сүруіне ықпал ететіні сөзсіз. Шеру өтетін алаң көрінгенде сап түзей салтанат құра топтас-

қан, қызылды-жасылды киінген шеру қатысушыларының қарасы назарға ілінді. Яғни, мерекелік шеру әдеттегідей дер уақытында басталады деген сөз. Қазақстан халқының бірлігі күні – ол халықтардың достығының нышаны, татуластық мерекесі. Аталмыш мереке Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің бастамасымен туындағаны белгілі және ұлтаралық татулық пен достық – елдің жетістіктерін бейнелейтін және тәуелсіздікті сақтап қалудың маңызды көрсеткіші.

Мерекелік алаң мінберінен Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналып болған соң жүргізушілер қала тұрғындары мен қонақтарын құттықтау үшін сөзді қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге берді. Қала әкімінің мерекелік құттықтауы мен жылы лебізінен соң қаладағы кәсіпорындар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдар, мектептер мен балабақшалар ұжымдарының, қаладағы Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштері әскери бөлімдерінің басын қосқан мерекелік шерудің алға қозғалуы хабарланды. Мерекелік шеруді Павлина Кенжебекова төрағалық ететін, құрыл-ғанына 7 жыл толғалы отырған, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап, дамытуға барынша үлес қосып, еңбектеніп жүрген «Атамұра» қазақ мәдени орталығы ұжымы

бастады. Шеру көшін бұдан әрі төрағасы Светлана Попченко болып табылатын «Исток» славян халықтарының этно-мәдени бірлестігі және Мурад Шукюровтың төрағалығындағы Әзірбайжан этно-мәдени бірлестігі «Арзу» жалғады. Қала әкімдігі, қалалық мәсіхат ұжымдары, Ардагерлер мен жастар ұйымдары және мекемелер мен

басқа да ұйымдарды таныстыра, қол жеткізген табыстарын һәм жетістіктерін, соған үлес қосқандардың есімдерін атай отырып жалғасқан мерекелік шеру әдемілігімен, ерекше сымбатымен көз қарықтырды.

Қазақстан халықтары бірлігі күні мерекесі күніне арналған шеру соңы қала көркемөнерпаздарының қатысуымен өткен мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. Кешқұрым жастардың қатысуымен би кеші ұйымдастырылды.

Ұйымдастырылды.



Ұйымдастырылды.

Н.ҚЫДЫРМУРАТУЛЫ.
Суреттерде: мерекелік шеруден көріністер.
Суреттерді түсіргендер:
Б.Кенжебеков және Н.Қарабектегі.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б. Момышұлы

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмайды. Сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану – әрқайсымыз үшін парыз. «...Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деген болатын ҚР президенті Н.Назарбаев.

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Менің ойымша «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережелі бірдей қамтиды – деп ойлаймын. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып

жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ғаламторда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, ғаламтор желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз.

Ең басты мәселе – ұлттық бірлікті сақтау. Бұл сөзсіз саяси, өркениеттік таңба. Әріп кішкентай ғана нәрсе сияқты. Бірақ көшедегі жазбалар, кітап атауы латынша болса, балабақшаға барған, мектеп бітірген ұрпақ ұлттық рухта тәрбиеленеді. Бұл – мақсат. Оның артында күн төлемі бар. Біздің буын үшін комфорт мәселесі туындап үлгерген. «Кезінде жазған бірталай мақалаларым бар еді. Бәлкім, латын қарпіне кейінірек көшсек болар еді...» деп жүре берсек, онда бұл мәселе сөзсіз кешеуілдей береді. Әр буын өзінше өзіміз. Әзірбайжандар «ө» деген әріпті «ә» емес дейді. Түріктерде де сондай түйткіл бар. Сондықтан түркі әлемін, өркениетті жарылқаймыз деген әңгіме емес, бұл – өзімізді-өзіміз құтқару жолы. Мәселен, жаман ауруға қарсы химиятерапия жасалады. Былай қарағанда, адамның жанын қажытып, ағзасын тоздыратын нәрсе сияқты. Бірақ шын айыққыз келсе, оны амалсыз орындайсың. Белгілі тәртібі бар. Бұл да – сол сияқты ұлт ағзасын жөнге келтірудің, кезінде шалдыққан дерттен емдеудің жолы. Екінші мәселе, негізгі қарсылық орыстіді баспасөзден келеді. Бізге үнемі «Өзбекстанды алға тартып, «солар сияқты қиналасыңдар!» дегенді айтады. Бірақ әзірбайжандар, түріктер еш қиналмай латынға өтіп кетті. Кейде тіл мамандарының ішінде де ерекше фанаттар болады. «Рунаға көшу керек, Аханның төте жазуына өтсек» деген ойларды естідік. Мұндай таңдау жасаған кез

келген ел осындай реформаны жайбарақат, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманда жүргізген емес. Әзірбайжандар да, түріктер де соғысып жүріп өтті. Өзбектер де экономикасы қиын кезде ауысты. Біз қайта жағдайымыз біршама жақсы кезеңде өткелі отырмыз.

Біздің тарихты оқыған кейінгі толқын қазақ орхон жазуын да, араб әрпіні де, латынды да меңгеріп алған деуі мүмкін. Содан кейін кириллицаға көштік. Яғни, бұрынғы ұрпақтың бәрі кириллицаны қалай судыратып оқыса, бәрін де солай оқыған екен деп ойлайды. Шын мәнінде, латын қарпі киіз үйлерде сауат ашу науқаны кезінде үйретілген. Қазақтың көпшілігі латын әрпіні толық меңгерген жоқ. Жекелеген әріптерді ғана білді. Меніңше, араб қарпінен латынға, одан кирилге көшу халықты мөңгірттендіру үшін, отарлау саясатын күшейте түсу үшін жүргізілді. Сол кезде Қазақстанда қала халқы негізінен орыстар болса, коллективтендіру дәуірінде қазақ халқының 6 пайызы қалада тұрды. Осыны байқаған Кеңес үкіметі әріптерді қазақана шала үйрету науқанын қолға алды. Мұны кейінгі жастарға түсіндіріп айтуымыз керек. Ал латын қарпіне келсек, 1929 жылы 7 тамызда шыққан заңның нәтижесінде «бірыңғай түркі әрпіне көшу туралы» деген бұйрық берілді. Аты айтып тұрғандай, бұл түркітілдес халықтарды жақындастыратын, бірақ Мәскеуге ұнамайтын қаулы болды. Сондықтан соғыстың қарсаңында, 1940 жылы 23 қазанда кирилл қарпіне көшіріледі деді. Жасыратын түгі жоқ, халық бір әріптен екіншісіне секіріп жүріп, сауатсыздыққа ұшырады. Депортацияның басы басталып, ұйғырларды, дүңғандарды көшіріп әкелді. Көрістер келді. Кеңес үкіметінің әдейі қазақ халқын мөңгірттендіру үшін, түркі халықтарынан рухани және саяси тұрғыдан қол үздіру үшін жасалған науқаны. Елбасының орхон

Рухани жаңғыру



жазуынан бергі қарай сатылап көшкен тарихымызды түгел баяндап отырғанын пайдаланып, жастарға осы мәселені тереңдеп ұғындыруымыз керек. Ең басты мақсат – тәуелділіктен арылу. Ал кириллицамен біз ешқашан бұл саясаттан құтыла алмаймыз. Өйткені Абай құсап сынасақ, қазақтың өзі мөңгірттендіру саясатына байланысты бірнеше топқа бөлініп кетті. Біріншіден, Ресейге көшуге дайын отырған орыс-қазақтар бар. Екінші, орысша оқығанмен, жүрегі «қазақ» деп соғатын орыстанған қазақтар. Үшінші, ұлт дегенде жанын беретін, «тек қазақ аман болса болды» дейтін шектен шыққан радикалдар бар. Төртінші, басқа ұлтпен салмақты түрде салыстыра қарайтын, өз ұлтын жақсы көретін қазақтар бар. Империалистік саясат қазақты осындай дәрежеге жеткізді. Елбасы бұл мәселені неге көтеріп жатыр? Әрине президентті түсінеміз. Көпұлтты мемлекетті басқарып отыр. Мемлекет құраушы қазақтың сапалық деңгейі біраз тәрбиеленуді қажет етті. Сондықтан да латын әліпбиіне көшу мәселесінде қазақтарда ауызбіршілік болу керек. Жылдам көшу қажет. Мұны кешіктіруге болмайды. Латын қарпіне көшіп, өз ішіміздегі қазақстандық азаматтарға сауал тастауымыз керек. Болашақта бастар жолда бірліктен айырылмауға тиіспіз.

Ж. Альянова,
№2 ЖОББМ КММ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

ЖАҢА ЖОЛДАУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктеріне» арналып отыр.

Талдаулар бойынша алдағы он жыл инновациялар жаппай енгізілетін және жоғарғы технологиялар мен қызмет көрсетулердің

жаһандық нарықтағы бәсекелестігі күшейетін уақыт болды. Жоғары технологиялар мен инновациялар-экономикалық өркендеудің драйвері.

Мемлекет басшысы Жолдауында әлемнің Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанын алға тартып, осы үдіріске ілесе білу үшін нақты 10

міндетті бегіледі.

Басты міндеттер қатарында «сыбайлас жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігін орнату» міндеті бұрынғыша қала береді. Ел Президенті Н.Назарбаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді жұмыстарды жалғастыруға берген тапсырмасы сыбайлас жемқорлықты анықтау және оның себептері мен алғышарттарын түбірінен жою жөніндегі жұмыстарды күшейту міндеттегіп отыр.

ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ 4.0

жеңілдетеді. Сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жөніндегі жұмыстар жалғасын табады.

Б. Наумағамбетов, Приозерск қаласы Әділет басқармасының басшысы

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

«Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктері»

Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болу үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет.

«7 - 20 - 25» бағдарламасы: 7%-тен аспайтын жылдық мөлшерлеме; 20%-тен аспайтын бастапқы жарна; төлем мерзімі – 25 жылға дейін.

«7 - 20 - 25» бағдарламасы бойынша банктер ұсынатын жаңа ипотекалық несиелер кемінде 1 триллион теңге сомасына сатып алынады. Бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін береді.

«Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту»

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақысы 25 АЕК-тен аз қазақстандықтардың салық жүктемесі 10 есеге азайтылып, 1 процент қана салық салынады.

Нәтижесінде, еліміздегі Барша жаламалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірінің жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай-ақ көбейетін болады.

Әрі қарай Үкімет табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу мүмкіндігін зерделеуі керек.

«Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту»

Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлінеді.

Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар (инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандары) бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады.

Техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру керек.

2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнал кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салынуы тиіс.

«Шағын несие беруді көбейту»

Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады.

2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөлініп, шағын несиелердің жалпы сомасы 62 миллиард теңгеге жеткізіледі.

Нәтижесінде шағын несие алатындардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жететін болады.

Бастама мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды.



«Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру».



Послание Президента РК: Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции

Первое направление: ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

ИННОВАЦИОННАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ

Индустриализация должна стать более инновационной, используя все преимущества нового технологического уклада 4.0

ОЦИФРОВКА ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Следует реализовать пилотный проект по оцифровке нескольких казахстанских промышленных предприятий, а затем этот опыт широко распространить

ИННОВАЦИОННАЯ ЭКОСИСТЕМА

Важнейшим вопросом становится развитие собственной экосистемы разработчиков цифровых и других инновационных решений

Основными факторами успеха инновационной экосистемы являются стимулирование спроса на новые технологии со стороны реального сектора и функционирование частного рынка венчурного финансирования

IT

Особое значение приобретает развитие IT- и инжиниринговых услуг

ТРЕТЬЕЙ ПЯТИЛЕТКА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ

Предстоит адаптировать систему образования, коммуникации и сферу стандартизации под потребности новой индустриализации

ТРЕТЬЯ ПЯТИЛЕТКА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ

В 2018 году необходимо начать разработку третьей пятилетки индустриализации, посвященной становлению промышленности «цифровой эпохи».

Послание 2018 года: Поручения Президента

В 2018 году необходимо начать разработку третьей пятилетки индустриализации, посвященной становлению промышленности «цифровой эпохи»

Увеличить в течение 5 лет производительность труда в АПК и экспорт переработанной сельхозпродукции в 2,5 раза

Важно стимулировать бизнес, инвестировать в «зеленые» технологии. Акимами регионов необходимо принять меры по современной утилизации и переработке твердых бытовых отходов с широким вовлечением субъектов малого и среднего бизнеса

Необходимо внедрить интеллектуальную транспортную систему. Для улучшения внутрисетевой мобильности нужно увеличить финансирование ремонта и реконструкции местной сети автодорог.

Общий объем ежегодно выделяемых бюджетных средств следует довести до 150 миллиардов тенге

Нужно установить повышенные требования к качеству, экологичности и энергоэффективности зданий. Дома и объекты инфраструктуры необходимо оснащать системами интеллектуального управления.

Для решения вопроса обеспечения сельских населенных пунктов качественной питьевой водой Правительство необходимо ежегодно выделять не менее 100 млрд тенге из всех источников

В дошкольном образовании к 1 сентября 2019 года необходимо внедрить единые стандарты программы для раннего развития детей, развивающие социальные навыки, на базе двorcов школьников нужно создать сеть детских технопарков.

Нацбанку и Правительству следует совместно решить вопрос обеспечения долгосрочным кредитованием бизнеса по ставкам, учитывающим реальную рентабельность в отраслях экономики.

Нужно разработать новую модель гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП), определив четкие границы обязательств государства.

Правительству нужно принять комплекс мер, включая упрощение визовых процедур, развитие инфраструктуры и снятие барьеров в отрасли туризма

Следует определить четкий график перехода на латинский алфавит до 2025 года на всех уровнях образования. Закон по электронной бирже труда необходимо принять до 1 апреля 2018 года

В сфере «краны» общественно-государственного порядка и обеспечения безопасности нужно активно внедрять инновационные системы видеонаблюдения и распознавания на улицах и в местах массового пребывания граждан, контроля за дорожным движением

На основе опыта Астаны необходимо сформировать «эталонный» стандарт «Smart City» и начать распространение лучших практик и обмен опытом между городами Казахстана

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Білімнің салтанат құруы

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу.

Прагматизм

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез - құлықтың прагматизмі.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Сананың ашықтығы

1. Адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. 2. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәрін де білу болу деген сөз.

Патриотизм бұл өскен ауылыңа, қалаң мен өңірің, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ТАЯУ ЖЫЛАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қазақ тілін бірігіп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. 2025 жылға қарай іс қағаздарымыз мерзімі басыла беріп, бәрін де латын әліпбиімен басып шығару бастауға тиіспіз.

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША «ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІлінДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты өртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласында ауырды елпектану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға бас маң беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи өскерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІН ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ

«Мәдени - географиялық белдеудің» ролі мен оған өнетін орындар туралы әрбір қазақстандық білугі үшін оқу - ағарту дайындығын жүргізу қажет.

«ЖАҢАДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӨДЕНІЕТ» ЖОБАСЫ

Отандық мәдениет БҰҰ - ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫ – ТӨУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӨНІРІНДЕ ТҰРАТЫН ТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ, САН АЛУАН ЭТНОС ӨКІЛДЕРІН ТАРХИ

Заманауи қазақстанды жасал жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту, ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.



Ғасыр дертімен күрес

ЖАСТАР НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, №2 жалпы орта білім беретін мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында «Остановим наркоманию вместе!» атты тақырыпта кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Кездесу барысында «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің инспекторы Сулейменов Ерлан Марсұлы «Біз салауатты өмір салтын ұстанамыз» атты бейнеролик көрсетіп, жастарымызды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Сонымен қатар орталық аурухананың психиатр-нарколог маманы Көшербаев Қабылғазы Көшербаевич «Жастар нашақорлыққа қарсы» және «Есірткі туралы шындық» атты тақырыпта баяндама оқып, «Есірткіге жоқ деп айт, ертеңгі күнің өзіңе ғана бай-



ланысты, өмір сүр!» атты тақырыбында жадынамалар таратты.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ

БҮЛДІРШІНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі - мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту - баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Осындай мақсат аясында өткен аптада «Балақай» балабақшасының І кіші «Күншуақ» тобының балдырғандарына арналған «Әдемі көбелектер» атты танымдық сабақ болып өтті. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің білімділік мақсаты балаларға көбелек туралы түсінік беріп, олардың түстерін ажырата білуге баулу. Табиғатты қорғауға, эстетикалық талғамының қалыптасуына тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын оятуда әртүрлі түстер, әсем табиғат көріністері қолданылып, жұмбақтар жасырылып, дидактикалық тапсырмалар орындалды. Сабаққа «Көбелек» бейнесіндегі кейіпкер қатыстырылып, бүлдіршіндерді көбелектің жалпы сипаттамасымен таныстырды. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі «Көңілді доп» ойыны арқылы қортындыланды. Балдырғандар көбелектің тіршілік

ету ортасын, түр-түсін біліп, көбелекке қамқорлықпен қарау керек екендігін игеріп, ойналған ойындар арқылы түстері бойынша орналастыруды меңгерді. Жарқын көңіл-күй сыйлаған танымдық сабақ, белсенділік пен зеректік танытқан балаларды мадақтаумен аяқталды.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту да заман талабына сай сұранысқа ие екендігі сөзсіз. Олай болса, балалар тәрбиесі мен білімін жетілдіру жолында аянып қалмайық.

Малика Нуржауова,

«Балақай» балабақшасының тәрбиешісі



«АҒАШ ОТЫРҒЫЗАЙЫҚ» АҚЦИЯСЫ

Қала аумағында 7 сәуірден бастап сенбілік жұмыстары қызу басталған болатын. Игі іс көпшіліктің бірлесе, жұмыла атқаратын ісі. Сенбілік күндері қаланың барлық мекемелері мен кәсіпорындарының қызметкерлері бір кісідей жұмысқа үлкен жауапкершілікпен кіріседі. Апта сайын өткізіліп отырған сенбілікке қаламыздың жанашыр ағалары, орталықтың қызметкерлері, ерікті белсенділер мен қала жастары қатысып келеді.

«Дала көркі - мал қала көркі - тал» - демекші, 2018 жылдың 21 сәуірі күні Бүкіл Қазақстандық ағаш отырғызу күніне орай, Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қалалық мешітте «Ағаш отырғызайық» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты жастарды ағаш отырғызуға баулу, айналыны қолдандыру, ағаштарды күтіп ұстауға тәрбиелеу, ағаш отырғызудың пайдасын түсіндіру болып табылады. Жастар қолдарына сыпыртқыларын алып, күрек, тырмамен қаруланып тазалық жү-



мыстарына атсалысып, жер қопсытып, мешіттің айналасын түгелдей сыпырып, тазартты. «Денсаулық – тазалық кепілі» - дейді халық даналығы, сондықтан қоршаған ортаның таза болуы адамның көңіл-күйіне ерекше әсер ететіні анық.

«Артында мал қалғанша, тал қалсын» - деген ұстанымды ұстанатын қаламыздың жанашыр ағалары, орталықтың қызметкерлері мен ерікті белсенділер мешіт аумағында 30-ға жуық өрік, шие ағаштарының көшеттерін отырғызды.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Сүйінші

АҚЫН АЯУЛЫМНЫҢ ЖЕҢІСІ

Қаламыздағы өріден келе жатқан жетекші мектеп - №1 қазақ орта мектебінде оқитын шәкірттер арасынан білімде, өнер мен спортта, кез-келген қоғамдық жұмыстарда көптеген жетістіктерге жетіп, Алтын ұясының және қаламыздың атын ұлықтап жүргендер көптеп саналады. Әрине, бұл сонда білім мен тәрбие беретін ұстаздардың ерен еңбегінің арқасы деп білеміз. Аталмыш мектеп оқушылары әсіресе әдеби кітап және көркем сөз оқу, ақындық жолға қадам басып, өлең жазу жағынан да көш бастап жүргендігінен хабардармыз. Олардың қала көлемінде өтіп тұратын мүшәйралар мен жас ақындар байқауларына белсене қатысатынына, жүйріктен жүйрік озып, жұлдеге таласатынына өзіміз де куә болып жүрміз. Талантты балаларға арналған «Жас ақындар мектебіне» ұстаз әрі ақын Маржанкүл Хизирова жетекшілік етіп келеді.

Жуықта осы мектептің 6 «а» сыныбындағы озат оқушысының бірі, «Жас ақындар мектебінің» ең жас мүшесі Аяулым Қанағат сәуір айында өткен Халықаралық Қазақ тілі бірлестігі ұйымдастыруымен өткен Өнер фестиваліне қатысып, көркем сөз оқуына өзінің төл өлеңдерін оқуының арқасында Бас жүлдені қанжығасына байлап қайтты. Жас ақынның таланты мен өнеріне тәнті болған қазылар алқасы бірауыздан ең жоғары баға берді және Дипломмен, төсбелгімен марапаттады. Сонымен қатар әлемдегі ең көрікті шаһарлардың бірі Дубай қаласына саяхатқа жолдама алды.



Жарысқа шәкіртін қосқан ұстаз Маржанкүл Хожабекқызы Хизирова өз жобасы «Жас ақындар мектебінің» жұмыстарын қазыларға таныстырды және жүргізген кештерінің сценарийлерін ұсынып, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгіні һәм оқушы дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.

Суретте: жеңімпаз қыз Аяулым

ОҚУ БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

2018 жылдың 24 сәуірі мен 10 мамыр аралығында Қарағанды облысы білім басқармасының дарынды балаларға арналған Дарын, Мұрагер, Жамбыл «Зияткер» (Балқаш қ.), «Өркен» (Жезказған қ.) және Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаттарының 5 сыныбына, «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттарының 7-сыныбына түсу үшін оқушылардың құжаттарын қабылдау жүзеге асырылады. Толық ақпарат аталған мектептердің және білім басқармасының сайтында жарияланған.
Байланыс телефоны: 8(7212)412288.

Құрметті ата-аналар мен оқушылар!

Ағымдағы жылдың 24 сәуірі мен 10 мамыр аралығында 5 және 7 сынып оқушыларына арналған мамандандырылған мектеп-интернаттарына оқуға түсуге құжаттарды қабылдау жүзеге асырылады. Мектептерге құжаттарды қабылдау төмендегі мекен-жайлар бойынша жүзеге асырылады:

5 сыныптарға: «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты, мекен-жайы: Қарағанды қ., Гапеев көш., 29/2, тел: 8 (7212) 347727; «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты, мекен-жайы: Қарағанды қ., Гоголь көш., 46А, тел: 8 (7212) 500368; Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, мекен-жайы: Қарағанды қ., Әлиханов көш., 36/2, тел: 8 (7212) 567232; Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, мекен-жайы: Қарағанды қ., 12 ықшам аудан, 3, тел: 8 (7172) 451649; «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты (Жезказған қ.). Мекен жайы: Абай көш., 144, тел: 8 (7102) 77-61-60; «Зияткер» мамандандырылған мектеп-интернаты (Балқаш қ.). Мекен-жайы: Бейбітшілік көш., 3, тел: 8 (710-36) 4-00-51

7 сыныптарға: «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, мекен-жайы: Колодезная көш., 98, тел: 8 (7212) 37-64-22

Конкурстық іріктеу 2 кезеңнен тұрады.

1 кезең - а.ж. 12 мамыр күні - математика және логика бойынша тестілеу.

2 кезең - а.ж. 19 мамыр күні - математика, логика және оқу тілі бойынша тестілеу.

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ИНФОРМИРУЕТ

С 24 апреля по 10 мая 2018 года осуществляется прием документов для поступления в 5 класс в специализированные школы-интернаты Дарын, Мұрагер, им.Жамбыла, «Өркен» (г.Жезказған), «Зияткер» (г.Балқаш) и Н.Нурмақов и 7 класс в специализированную школу-лицей-интернат «Информационных технологий». Подробная информация опубликована на сайтах данных школ и управления образования.

Контактный телефон: 8(7212)412288.

Уважаемые родители и учащиеся!

С 24 апреля по 10 мая т.г. осуществляется прием документов для поступления в 5 и 7 классы специализированных школ-интернатов для одаренных детей. Прием документов осуществляются в школах:

в 5-е классы: Специализированная школа-интернат «Дарын», адрес: г.Қарағанды, ул. Гапеева 29/2, тел: 8 (7212) 347727; Специализированная школа-интернат «Мұрагер», адрес: г.Қарағанды, ул.Гоголя 46А, тел: 8 (7212) 500368; Специализированная школа-интернат имени Н.Нурмақова, адрес: г.Қарағанды, ул.Алиханова д.36/2, тел: 8 (7212) 567232; Специализированная школа-интернат имени Жамбыла, адрес: г.Қарағанды, 12 мкр д-3, тел: 8 (7172) 451649; Специализированная школа-интернат «Өркен» (г. Жезказған) адрес: ул. Абая д.144, тел: 8 (710 2) 77-61-60; Специализированная школа-интернат «Зияткер» (г.Балқаш) адрес: ул.Мира д.3, тел: 8 (710-36) 4-00-51

В 7-е классы: Специализированная школа-лицей-интернат «Информационных технологий», адрес: ул.Колодезная д.98, тел: 8 (7212)37-64-22.

Конкурсный отбор проводится в 2 тура.

1 тур – 12 мая т.г. – тестирование по математике и логике.

2 тур – 19 мая т.г. – тестирование по математике, логике и по языку обучения.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в

Министерстве связи и информации Республики Казахстан

Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,

ул. Сатпаева 15. Заказ № 18/558. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.